

Имандылық – адамның қоғамдағы, өмірдегі іс-әрекеттерін бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, кісі бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі.

Имидж — бұқаралық коммуникациялар және психологиялық әсер құралдары арқылы қоғамда немесе жеке санада қалыптастырылатын бейне.

Кемсітушілік – адамның құқықтары мен міндеттерін қайсыбір белгі бойынша шектеу.

Мәдениет – адамның қолымен, ақыл-ойымен жасаған құндылықтар, өмір сүру мен адами қарым-қатынастың үлгі-өнегесі.

Симпозиум – ғылыми мәселе бойынша жиналыс, ғылыми басқосу (әдетте түрлі мемлекет өкілдерінің қатысуымен).

Субординация - қызмет жағдайында кішінің үлкенді сыйлау, титулдық, әлеуметтік т.б. ерекшелікке қарай құрметтеу аясы.

Тәртіп – адам өмірі мен қызметіндегі реттілік, жөн-жосық, ұйымшылдық сапасы мен сипаты, қоғамда қалыптасқан құқық, мораль нормалары талабына сәйкестігі.

5. Жалпы ереже

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті оқу орны миссиясын орындауда жеке жауапкершілігін сезініп, білім ордасы қауымдастығының корпоративтік мәдениеті мен рухының дамуын парызы деп санап, университет беделін бағалап және имиджін жан-жақты нығайта отырып, осы Кодекс ережелерін қабылдайды және бұлжытпай орындайды.

5.1. Осы кодекс ЕҰУ-да білім алу үдерісіндегі студенттердің этикалық ережесін айқындайды.

5.2. Ар-намыс және тәртіп кодексі білім алуға ынғайлы жағдай туғызуға, студенттер, оқытушылар, қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасы үшін қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған.

5.3. Ар-намыс және тәртіп кодексі университетте әрбір студентке міндетті тәртіп ережесін орнатады.

5.4. Әрбір студент осы кодекстің нормаларын орындай отырып, университеттің дамуы мен жетілуіне, имиджі мен іскерлік беделінің нығаюына үлес қосады.

5.5. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті сыбайлас жемқорлық пен паракорлықтың кез-келген көріністеріне төзбеушілік танытуға міндетті.

5.6. Студент Қазақстан Республикасының лайықты азаматы және тандаған саласының кәсіби маманы болуға, сапалы шығармашыл тұлға ретінде өзін дамытуға тырысуы керек.

5.7. Студент үлкенге құрметпен қарап, айналадағыларға дөрекілік көрсетпеуі және әлеуметтік қорғалмаған адамдарды жанымен түсініп, мүмкіндігінше оларға қамқорлық жасауы тиіс.

5.8. Студент әдептің, мәдениет пен өнегенің үлгісі болып, имансыздыққа, жыныстық, ұлттық, діни кемсітушілікке жол бермеуі тиіс.

5.9. Студент саламатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден толық бас тартуға тиіс.

5.10. Студент ЖОО дәстүрін құрметтеп, оның мүлкін көздің қарашығындай сақтап, жатақханада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс.

5.11. Студент ЖОО-ның шығармашылық белсенділігін (ғылым-білім, спорт, шығармашылық т.б.) дамытуға, корпоративтік мәдениеті мен имиджін арттыруға бағытталған қызметті қажетті және пайдалы деп санауы тиіс.

5.12. Университеттен тыс жерде студент жоғары мектеп өкілі екенін ұмытпай, оның абырой мен беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс.

5.13. Студент мынандай академиялық жауапсыздықтарға жол бермеуі тиіс:

- көшірімпаздық және білімін бақылау кезінде басқа адамдардан заңсыз жәрдем сұрау;

- өз жеке жұмысының нәтижесі ретінде кез-келген көлемдегі дайын, оның ішінде интернет-ресурстардан алынған оқу материалдарын (рефераттар, курстық, бақылау, дипломдық т.б. жұмыстар) ұсыну;

- жоғары баға алу үшін туыстық және қызметтік байланысты пайдалану;

- дәлелсіз сабақтан кешігу немесе оған келмей қалу.

5.14. Студент аталған академиялық жауапсыздықтың сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуға үйлеспейтінін түсінуі тиіс.

6. Негізгі этикалық қағидаттар мен нормалар

6.1. Студенттің жалпы этикалық қағидатары мына сипаты анықтайды:

6.1.1 шыншылдық;

6.1.2 әділеттілік;

6.1.3 адалдық;

6.1.4 белсенділік;

6.1.5 бастамашылық;

6.1.6 әдептілік;

6.1.7 мақсаттылық («оқу диплом үшін емес, білім үшін»);

6.1.8 әр нәтиже үшін - жеке жауапкершілік.

7. Студенттің жалпы моральдық-этикалық нормалары:

7.1. университет имиджі туралы ойлау және оны дамытуға барынша тырысу;

7.2. сын-ескертулерді дұрыс қабылдау және айта білу, жіберілген қателікті сезіну, түзету және өзі ескертпе жасар мен бағалауда нақтылық таныту;

7.3. университеттің материалдық базасын нығайтуда мүдделілік таныту, ғимарат пен құрал-жабдықтарды жөндеу шығындарын барынша азайту мақсатында материалдық құндылықтарды сақтау.

8. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері, оқытушылары, әкімшілігі арасындағы этикалық қарым-қатынас негізі

8.1. Оқытушылар мен студенттердің қарым-қатынасы этикалық, адамгершілік, құқықтық нормаларға сәйкес қалыптасуы керек. Осы орайда біз серіктес екенімізді, ісіміз бен мақсатымыз бір екенін есте сақтауымыз керек.

8.2. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті оқытушылармен, қызметкерлерімен қарым-қатынаста қызмет бабындағы сыйластықты сақтауға тиіс.

8.3. Студент университеттің басқа студенттерімен, оқытушыларымен, қызметкерлерімен қарым-қатынаста әдепті, сыпайы болуға, іскерлік қарым-қатынастың негізгі ережелерін сақтауға тиіс.

8.4. Талас мәселелерді шешу келісім, бәтуа, барлық тараптардың мүдделерін сақтау негізінде жүзеге асуы тиіс.

8.5. Студент басқа адамның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін іс-әрекеттер мен қылықтарды болдырмауға тиіс.

8.6. Студент жоғары мәдениетімен ерекшеленіп, айналадағылармен қарым-қатынас кезінде жағымды көңіл-күйде болуы тиіс.

8.7. Ойлауда дербестік пен ерекшелікті дамытуы тиіс.

9. Студенттің құқықтары мен міндеттері

9.1. Студент

9.1.1 мемлекеттік білім гранты және ақылы негізде оқуға;

9.1.2 оқу үдерісіне қажетті ақпаратқа еркін қол жеткізуге;

9.1.3 симпозиумдарға, конференцияларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне қатысуға;

9.1.4 мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуға;

9.1.5 еңбегін баспасөзде, оның ішінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басылымдарында жариялауға;

9.1.6 оқудан бос уақытта жұмыс істеуге;

9.1.7 оқудағы, ғылымдағы, шығармашылықтағы жетістігі үшін ынталануына;

9.1.8 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп аясында ЖОО әкімшілігінің өкімдері мен бұйрықтарына шағымдануға құқылы.

9.2 Студенттің міндеті

9.2.1 сабақ кестесіне сәйкес оқудың барлық түріне қатысу және кешікпеу;

9.2.2 профессор-оқытушылармен, қызметкерлермен, университет қонақтарымен, жасы үлкен кісілермен, құрбы-құрдастарымен сыпайы амандасу, лайықты қарым-қатынас ұстау;

9.2.3 сабақ уақытында ұялы телефонын өшіріп қою;

9.2.4 сабақтың ерекшелігі негізінде қарастырылмаса, сабақ үстінде бос әңгіме айтпау, артық іс-қимыл жасамау;

9.2.5 оқу үрдісіне белсенді қатысу;

9.2.6 ауырса немесе басқа дәлелді себеппен сабаққа келмей қалса, дәлелді құжатты уақтылы тапсыру;

9.2.7 факультеттің, кафедраның, курстың, топтың жалпы жұмысына белсенді қатысу;

9.2.8 оқу пәндері бойынша СӨЖ-ді орындау;

9.2.9 университеттің оқу құралына, мүлігіне, басқа қорына күтіммен қарау;

9.2.10 сабақ үстінде тамақтанбау;

9.2.11 көпшілік жиналатын жерлерде ерсі қылық көрсетпеу (орынсыз күлмеу, айқайламау, балағат сөз айтпау, ұрыспау т.б.);

9.2.12 оқу ғимараты ішінде сырт киіммен жүрмеу, айналаға қоқыс шашпау, сағыз қалдығын тастамау (жапсырмау), тәртіп пен тазалықты сақтау;

9.2.13 университет жарғысында көрсетілген жатақханадағы ішкі тәртіп пен тұру ережелерін сақтау;

9.2.14 ұқыпты киіну, өрескел боянбау, ашық-шашық және ұлттық дәстүрге жат киінбеу (киім киюдегі басты ұстаным: жігіттер үшін - пиджак, шалбар, қыздар үшін - юбка; денешынықтыру сабақтары мен сенбіліктерден басқа уақытта оқу ғимаратында спорт киімін кимеу);

9.2.15 жоғары курстарда кіші курс студенттеріне ізетпен қарау, қысым көрсетпеу.

10. Студенттің университетке деген қарым-қатынасының этикалық негіздері

10.1 студент университет дәстүрін сақтап, дамытуға күш-жігер жұмсауы тиіс;

10.2 студент мемлекеттік, коммерциялық және өзге де ұйымдарда тәжірибеден өту кезінде жүріс-тұрысымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің имиджі мен беделін қалыптастыруға үлес қосатының, маман даярлау сапасы туралы пікір қалыптастыратынын сезінуі тиіс;

10.3 студент әрдайым университет беделі мен мәртебесін ойлауы тиіс.

11. Саламатты өмір салты

11.1 студент өз денсаулығын ойлап, жан-жақты жетілуге тырысуы тиіс (спорттық ойындар, рухани-танымдық шаралар);

11.2 тіршілігінде, соның ішінде университетте есірткі және басқа да психотроптық заттарды пайдалануына немесе таратуына қатаң тыйым салынады;

11.3 қай жерде болсын, соның ішінде университет аумағында шылым шегуіне, спирттік ішімдік ішуіне қатаң тыйым салынады.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Университеттің Ғылыми кеңесі шешімі бойынша осы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12.2. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің барлық студенті осы кодекс ережелерін қолдану мен сақтауға міндетті.

12.3. Университет әкімшілігі осы кодекс нормаларын бұзу фактілерін Жастар кеңесінде, факультет және кафедра мәжілістерінде қарап, тиісті шара қолдануға құқылы.

12.4. Ар-намыс және тәртіп кодексінің қолдану мерзімі шексіз.

Рай

Г

Гумилев